**«Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның түсіндірме хаттамасы**

«28» наурыз 2025 жыл

**Қатынасқандар:**

Аудандық аурухана мен емхана қызметкерлері және есепшілер бөлімі,
Барлығы-59 қызметкерлер қатынасты.

Төраға: И.Н.Кабулова- аудандық аурухана директорының уақытша міндетін атқарушы
Хатшы: Б.Батырбекова-заңгер

Күн тәртібінде

*Исатайаудандық ауруханасы ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы және қолданыстағы заңнамалар бойынша түсіндірме жұмыстар туралы*

**Төраға:И.Н.Кабулова-** Жиынға қатысушыларды облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан келіп жатқан қызметтік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатынын ескерте келе, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі қатаң ескертті.

Кәсіпорынның әрбір қызметкері ҚР Конституция заңнамасын қатаң сақтауға міндетті екендігін айтып өтті.

**Аурухана заңгері:Б.Батырбекова-**сөз сөйлеп ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар ұдайы жүргізіліп отыру қажет екендігін, сыбайлас жемқорлық туғызатындай жағдайларды болдырмауға жұмыстану қажет дей келе, сыбайлас жемқорлықты жою үшін алдымен адамда ішкі мәдениеттің, жемқорлық әрекеттерге төзбеушілік қасиеттердің, потратизімдік сана сезім болғаны аса қажет. Сондықтан өзімізді және балаларымызды биік рухпен тәрбиелеуге шақырды.
Сондай-ақ аурухананың әлеуметтік желілері мен интернет сайты ашылғанын,осығанда тұрғындарға қажетті ақпараттарды, хабарландыруларды ұдайы жариялап отыру керек екендігіне тоқталды.
Тұрғындардан келіп түскен арыз шағымдар мен өтініштерге мерзімінде тіркеп тиісті түрде жауап хат жолдап отыруды қатаң бақылауды ұстауды ескертті.Қызметкерлерге ұжымда кәсіпорын басшысымен комплаенс офицерге хабарлау қажет екендігін атап кетті.

Сұрақтар туындаған жоқ.
Жиналыс жабық деп жарияланды.

**Төраға** **И.Н.Кабулова**

**Хатшы** **Батырбекова Б.Б**